

Шетелге іссапарға шығу кезінде оларға Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына сұрау салу жіберілмейтін санаттағы адамдардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1993 ж. N 1052. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қызмет бабымен шетелге шығудың тәртібі және шетелдік іссапарға валюта қаржысының жұмсалуды бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 20 шілдедегі N 630 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Шетелге іссапарға шығу кезінде ұлттық қауіпсіздік органдарына сұрау салу жіберілмейтін санаттағы адамдардың тізбесі (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

"Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 29 қыркүйектегі N 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 2 шілдедегі N 268 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 22 қазандағы
N 1052 қаулысымен

Бекітілген

Шетелге іссапарға шығу кезінде оларға
Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік
органдарына сұрау салу жіберілмейтін
с а н а т т а ғы а д а м д а р д ы ң

Тізбесі

Қазақстан Республикасының Президенті мен Вице-Президенті

Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасарлары, Жоғарғы Кеңес комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Аппаратының Басшысы мен жауапты қызметкерлері

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Премьер-министрдің орынбасарлары, мемлекеттік кеңесшілері, Президент пен Министрлер Кабинеті

Аппаратының Басшысы мен жауапты қызметкерлері

Қазақстан Республикасының министрлері, министрлердің орынбасарлары және соларға теңестірілген лауазымды адамдар

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Бас прокурордың орынбасарлары, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Жоғарғы Сот Төрағасының орынбасарлары, Конституциялық Соттың Төрағасы, Конституциялық Соттың мүшелері, Жоғары төрелік соттың Төрағасы, Жоғары төрелік сот Төрағасының орынбасарлары

Қазақстан Республикасы Ұлттық банк Басқармасының төрағасы, Ұлттық банк Басқармасы төрағасының орынбасарлары

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері және олардың орынбасарлары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының өкілді органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары.